

Орталық Қазақстан тарихшылары еңбектерінің тарихнамалық мәні

Бейсенбекова Н.А., т.ғ.к., доцент

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

Қазақ халқының тарихына өткеніне байланысты көптеген зерттеулер, монографиялар, мақалалар жарық көрген. Оларда тарихта өзекті мәселелері нақты деректік материалдар негізінде жазылған. Ондай еңбектер ой—өрісімізді кеңейтуге, тарихты бүгінгі биіктер тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік береді. Сондықтан да халқымыздың тарихы жөнінде Орталық Қазақстандағы тарихшы-ғалымдарының, зерттеушілерінің қандай ой-пікірі, тұжырымы болғандығын және олардың бүгінгі күнімен сабақтастығының көрсету, оларды жас ұрпаққа талдап түсіндіру мақаланың негізгі мақсаты болды.

Қарағандылық ғалымдардың аға буыны, тарихшы ғалым А.Ж.Жұмасұлтановтың еңбектері 1970 жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін Отандық тарихтың дамуына елеулі орынға ие.

Автордың 90-нан астам ғылыми еңбектері бар, солардың ішінде «Қазақстан в экономическом сотрудничестве народов СССР» деген еңбегі. Кеңестік дәуірдің идеологиялық ұстанымы басым уақытта жазылғанына қарамастан, бұл еңбекте Қазақстанның одақ көлеміндегі экономикалық дамуы, әсіресе одақтас республикаларымен ынтымақтастығы, олардың экономикасының дамуына қосқан үлесі және сол кездің өзінде Қазақстан экономикасының шикі заттық бағытын көрсетіп жазды. Автордың «Рожденные в огненные годы. Исторический очерк», «Өмір жолы» т.б. еңбектеріндегі тарихи материалдар, деректер олардың талданып, зерттелуі нәтижесінде ой-қорытындыларының, мұрағат құжаттарының құндылығы тарихнама ғылымының дамуына қосылған үлес деп бағалаймыз [1].

Қарағанды өңірінің ғалымдарының бірі тарихшы Ә.Әбдакімұлы Отан тарихы жайлы бірнеше мақалалар мен оқулықтар жазып, Қазақстан тарихының дамуына үлес қосты. Автордың «Қазақстан тарихы» деген оқулығы студенттердің арасында сұранысқа ие болды [2]. Ол өз еңбегінде Отандық тарихқа жаңаша көз-қарастарды білдіріп өте қызықты деректерді талдайды және автордың көзқарасы көптеген пікір таластар тудырып, Қазақстан тарихының күрделі проблемаларын объективтік тұрғыдан зерттеудің бастамасы болды. Бұл соңғы жылдардағы жарық көрген зерттеулердің ішіндегі маңызы зор еңбек деуге болады.

Тәуелсіз ел болған жылдардан бастап Орталық Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының тарихшы ғалымдары Қазақстан тарихының күрделі проблемаларын жаңа методологиялық тұрғыдан зерттеуде өз үлестерін қосып келеді.

Қазақ халқының тарихындағы XX ғасырдың басындағы ұлты зиялыларының басындағы трагедиясын зерттеуде елеулі еңбектер жарық көрді. Солардың бірі Қ.С. Өскембаевтың “Ә. Ермековтің қоғамдық – саяси және ағартушылық қызметі” деп аталады [3]. Еңбек тарихи деректерді талдау

негізінде халқына адал қызмет еткен. “Алаш” қозғалысының көшбасшыларының бірі, көрнекті, мемлекет қайраткері, саяси қуғындалған Әлімхан Ермековтың өміріне арналған. Бұл еңбекте бірінші рет архивтік деректер ғылыми айналысқа еңгізіліп, проблеманың тарихнамасы, дерктік негіздері жан-жақты қарастырылды. Осы зерттеу тарихи тұлғалар туралы тарихнамаға қосылған маңызды еңбектің бірі. Қазақ халқының тарихында ХІХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап Қазақстандағы Россиялық билік, басқару жүйесінің тарихын зерттеп жазған автордың бірі Б. Абдрахманова. Автордың “История Казахстана: власть, система, управления, территориальное устройство в ХІХ веке” деп аталатын монографиясы жарық көрді. Бұл еңбек архив деректерін жаңа ғылыми айналысқа енгізіп тарихшылардың танымын кеңейтуге үлкен үлес қосты. Автор Россия заңдарын жүйелеп талдап, патша үкіметінің саяси позициясын, тактикалық шешімдерін жан-жақты көрсетеді. Еңбекте қазақстанның әлеуметтік ішкі саяси құрлымына Россия әкімшілік тәртібінің енуінің себептерін анықтап, 1824 жылғы Азиат комитетінің пікірі бойынша Орынбор өлкесін басқаруды өзгерту, оның ішінде шекаралық өзгертудің жолдары жайлы деректерді талдап баяндай келе 1868 жылға дейін қазақ жерінде Россия билігінің іске асу жолдарын зерттейді [4].

Автор өз еңбектерінде 1867-1868 жылғы басқару реформасының мазмұнын талдап, оның іске асуы және әлеуметтік, азаматтық құқықтық жақтарына объективтік баға береді. Бұл ғылыми зерттеу еңбекті қазақ даласын Россия үкіметінің отарлау саясатының мәнін талдауға арналған тарихнамадағы жаңа көзқарастардың бастауы деуге болады.

Кеңестік Қазақстанның мәдениет тарихының тарихнамасына арналған профессор Р.М. Жұмашевтың “Очерки истории культуры Казахстана” деген еңбегі 2002 ж. шықты [5]. Бұл еңбекте бірінші рет 1917-1991 жылдар арасында қамтитын Қазақстанның мәдениет тарихы қарастырылады. Автор өз еңбегінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының мәдениетінің кеңестік идеология құрсауында дамуы, карама қайшы тенденциялар, мәдениет қайраткерлерінің еңбектері, қилы тағдыры архивтік деректер негізінде бұрын белгісіз фактілерді жаңа теориялық негізде көрсете білген, сонымен қатар Кеңестік Қазақстанның мәдениет тарихының зерттелу кезеңдері жан-жақты қарастырылған. Қызықты да, тартымды, нақты деректер негізінде 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы және мәдениет проблемасы мен қатар 1946-1980 жылдардағы мәдени өмір. Осы мәселелер туралы құнды материалдар талданып, автор, терең теориялық тұжырымдар жасайды. Бұл еңбек мәдениет тарихының зерттеудің жаңа концепциясының бастауы болады.

Қазақстан тарихының күрделі проблемаларының бірі Қазақстанға басқа халықтарды қоныстандыру тарихына Л.Қ. Шотбакованың “Национальный аспект переселенческой политики и коренизации в Казахстане (в 1917-1941 гг.)” [6] деп аталатын ғылыми ізденістері нәтижесінде 1995 ж. кандидаттық диссертация болып қорғалды, автор Қазақстанда алғышқылардың бірі болып Қазақстанда зорлап қоныс аударылғандар тарихын зерттеген ғалым. Еңбекте өте мол архив деректері талданған, олардың көпшілігі ғылыми айналысқа

бірінші рет енгізілген. Автордың терең зерттеп жүрген проблемаларының бірі докторлық диссертация негізіне алынған тақырып “Труды казахской интеллигенции в XIX –нач. XX в. как источник по истории Казахстана” –осы саладағы зерттеулерінде (40 тан астам) мақаласы бар автор қазақ зиялыларының еңбектеріндегі Қазақстан тарихының әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы құнды деректерді талдайды. Солардың ішінде Ә. Бөкейханов, Н. Нұрмақов, С. Садвақасов, Т. Рысқұлов т.б. қазақ зиялыларының Қазақстанның саяси өміріндегі рөлі туралы толық талдау жасалған. Сонымен қатар автор «История Казахстана с древнейших времен до наших дней» атты еңбектің ішінде Қазақстанның азамат соғысы жылдары мен соғысқа дейінгі кезеңін толық объективті түрде сипаттап жазды. Автордың Қазақстан тарихын оқып білуге теориялық жағынан үлкен көмек беретін еңбегінің бірі тарихқа қосымша пәндер атты оқулығы екі тілде жарық көрді бұл еңбек Қазақстанда бірінші оқулық болып саналады. Ғалымның Мәскеу университетінде оқыған кездегі алған теориялық методологиялық білімінің тереңдегі оны әрбір мақаласында байқалады және олардың Қазақстан тарихнамасындағы ғылыми құндылығы дау туғызбайды.

Л.К.Шотбакова өзінің шәкірті Н.К.Смагуловпен бірлесіп жазған «Кадровая политика большевиков в Казахстане в 1917-1936 гг. в освещении русской историографии» [7] деген еңбегінде Қазақстандағы большевиктердің кадр дайындап, елді басқаруға жіберген басшыларының жүргізген саясатының орыс тарихнамасында зерттелуі, сипатталуы және олардың қызметіне берген бағалары жайлы қалыптасқан көзқарастармен негізгі тенденциялары жан-жақты талданып, сол тарихнамалық ой-қорытындылырға автор өз көзқарасын білдіреді. Бұл еңбек большевиктердің кадр саясатындағы жіберген кемшіліктерін көрсеткен алғашқы еңбектерді бірі болды және осы проблеманың тарихнамасына қосылған объективті негізде жазылған ғылыми, теориялық мәні зор еңбек деп санаймыз.

Қазақ халқының Кеңестік дәуірдегі күрделі тарихының бірі Кеңестік экономиканың даму тарихи, оның ішінде 1946-1970 жылдардағы Қазақстандағы партия-мемлекеттік басқару, аграрлы-индустриялы экономикалық дамуы, тың жерді игеру, өнеркәсіптің экстенсивті-шикізат негізінде дамуы және 1965 ж. экономикалық реформаның мәні, іске асуы, оның салдары жайлы тарихшы З.Ғ. Сақтағанованың “История осуществления Советского опыта экономической модернизации в Казахстане (1946-1970)” деген ғылыми зерттеу еңбегінің Қазақстан тарихнамасында өзіндік орыны бар [8].

Қазақстандағы кәсіпкерліктің қалыптасуы туралы зерттеулер жазған тарихшы Абилов Қосман. Осы проблема бойынша автор тарихнамалық мәселе бойынша жекелеген мақалалары жарық көрген. Оның 2005 ж. «История становления и развития предпринимательства в Казахстане (вторая половина XIX начало XX вв.)» деген ғылыми еңбегі жарық көрді [9]. Осы аталған еңбекте архивтік құжаттарды талдау негізінде Қазақстандағы кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы үрдесі, осы үрдіске әсерін тигізген сыртқы және ішкі факторлар, кәсіпкерлік қызмет түрлері мен олардың

дамуының негізгі бағыты, қоғамдағы кәсіпкерліктің орны, оның нарықтық инфрақұрылымдар элементтерін қалыптастырудағы рөлі, кәсіпкерліктің әсерінен дәстүрлі құрылымда болған өзгерістер қарастырылады. Автордың еңбегінде теориялық және методологиялық негізде Қазақстан Республикасындағы тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасындағы көзқарастарды айқындау жөніндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектеріндегі, отарлық және тоталитарлық кезеңдердегі саясаттағы экономикадағы деформациялық (сапалық өзгеріске ұшырау) құбылыстарының бастаулары мен негіздерін анықталады, сондай – ақ кәсіпкерлік пен нарықтық қатынастар мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың еңбектері талданған. Бұл еңбекті отандық тарихнамада практикалық мәні зор, кәсіпкерліктің даму тарихын терең зерттеген алғашқы ғылыми ізденіс деуге болады.

Сонымен қатар Қазақстан тарихының өзекті проблемаларын зерттеуде тарихшы Аманжол Кузембайұлы «Дореволюционная истори Казахстана» деп аталатын өзінің тарихнамалық мәні үлкен ғылыми зерттеулерімен Отан тарихнамасының дамуына үлкен үлес қосты. Тарихшылардың ішінде Ж.Омарұлының зерттеулерінің маңызы зор, оның еңбектері Отандық тарихтың Академиялық 5 томдық жинғында жан-жақты талданады. Онымен танысу арқылы студенттер қызықты, тарихи ақпараттармен, көзқарастармен және тұжырымдарды біледі.

Орталық Қазақстандық ғалым тарихшылар Д.А.Шаймуханов және С.Д.Шаймұханованың 2003ж. «Карлаг» деген зерттеулері жарық көрді [10].

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен 1997 жыл Жалпы ұлттық келісім және саяси қуғындарды еске алу жылы болып жарияланды. Авторлар өз еңбектерін осы бағдарламаға сәйкес жазылды деп көрсетеді. Еңбекте өте мол мұрағат жеректері талданып, ғылыми айналысқа мол жаңа ақпараттар енгізілді. Еңбек бес тараудан тұрады. Оның әрқайсысында өте тартымды, тебіренбей оқуға болмайтын тарихи материалдар баяндалған. Ғалымдар Қарағанды жазаны өтеу лагерлерінің (ҚарЛАГ)-гулагтың бір ірі бөлімшесі ретінде қалыптасуын деректер негізінде көрсетіп, лагерь тарихын, ондағы тұтқындардың жағдайын толық жаза білген. Сонымен қатар тұтқын әйелдердің ауыр халі, «халық жауының балалары» атанған жас балалардың көрген қорлық-зомбылық жан түршігерлік деректерді талдау негізінде баяндайды.

Еңбектің бір тарауы ҚарЛАГтағы тұтқындардың ауыр еңбегінің арқасында дамыған ауылшаруашылығы, оның өнімдерін өңдеу жұмысы және тұтқындардың ішіндегі ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстары оның ішінде олар жасаған конструкторлық жоба бюросының істері көрсетілген. Авторлар лагерьдегі мәдени-тәрбие жұмыстарының идеологиялық мәнін ашып жазған.

Лагерь өмірінде ауыр азап пен адамды қорлау жұмыстарын тек фактілер негізінде баяндай отырып Орталық Қазақстан жеріндегі еркше – Спасск-әскери тұтқындар лагерінің тарихын зерттейді.

Карлаг-Степлаг деп аталған лагерді шетелдік әскери тұтқындардың және сол жердегі саяси тұтқындар болып отырған отандастарымыздың тағдыры жан-жақты көрсетілген. Еңбектің ішінде Гулагтың картасы берілген, одан көрінетіні, лагерьдің бөлімшелерінің көптігі, XX ғасырдағы кеңес үкіметінің өз халқы үшін құрған азап торларының аржағында қанша адам тағдыры өшкенін көріге болды. 1941 ж. Ұлы Отан соғыс жылдарында Жезқазған лагерінде азапта жүріп жұмыс істеген еңбегі арқылы мол өнім берілген. Жезқазғанда мыстың, мырыштың одақ бойынша берілетін өнімінің 70% берілді деп көрсете келе, авторлар сол еңбекте тұтқындар үлесі бар еді дейді.

Сонымен бірге бұл зерттеуде 1941-1942 жылдары Жезқазған лагерінде 1830 бандит, 548 шекара бұзушы, 108 дезиртир және 477 әскери қызметкерлер отырды деген деректермен бірге басқа қылмыс жасаушылар-9050 болған. Ал осы 9050-ді авторлар жазықсыз шаруа, жұмысшы, лқытушы, дәрігер, студент, ғалым т.б. болды деп олар жайлы деректерді сөйлетеді. Бұл еңбек үлкен проблеманың тарихнамасына қосылған үкен үлес болды.

Орталық қазақстанның қола дәуірін зерттеуде ғалымдар С.У. Жауымбаев, В.В. Евдокимов, В.В. Варфоломеев еңбектері өте жоғары, Осы салада 2001 жылы тарихшы-археолог С.У.Жауымбаевтың «Горное дело и металлургия бронзового века» деген ғылыми еңбегі жарық көрді. Автор 30 жылдық далалық археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде жинаған деректерді талдау негізінде Сарыарқадағы көптеген көне кен орындарының ескерткіштерін жүйелеп тау кен және металлургия құралдарын, метал өндірісін, қола өндіру және қолдан бұйымдар жасау әділ-тәсілдерін зерттеп жазады. Автордың пікірінше Орталық Қазақстанда қуатты тау-кен металлургия орталығы болған, оның өнімдерін Орталық Азия, Волга жағалауы, Оңтүстік Сібір тұрғындары пайдаланған. Монографияда көне металлургиялық қоныстары, олардың мыс өндіру технологиясы жан-жақты баяндалады. Бұл еңбек Қазақстан археологиясындағы қызықты қола дәуірінің зерттеу тарихнамасында өзіндік орыны бар. Ғылыми монографиялармен қатар автор «Қазақстан археологиясы» және «Алғашқы қауымдық құрылыс» атты оқулықтар жазып шығарды [11]. Бұл оқулықтар қазақ тіліндегі жетіспейтін оқу құралдары проблемаларының ақтандақ беттерін жоюға көмектескені сөзсіз. Сонымен қатар, ғалымның «По следам древних металлургов Сарыарки» атты монографиясында Қарқаралы өңіріндегі «Алат» металлургиялық қонысындағы металл балқыту процесі, еңбек құралдарын жасау туралы жан-жақты баяндалады.

Ғылым мен білім орталығына айналған Сарыарқа өңірінде қазақстан тарихын зерттеуде өз орны бар ғалымдардың бірі В.В.Козина. Автор Қазақстандағы демография мәселесін жан-жақты зерттеп, бұл ғылым саласының дамуына өз үлесін қосты. Автордың ғалым Х.Асылбеков бірлесе жазған «Демографические процессы современного Казахстана», «Население Центрального Казахстана (40-е годы – конец XX века)» т.б. еңбектері [12] бар. Осы еңбектерінде автор Қазақстандағы демографиялық процесстер тарихын, халық саны, олардың орналасуы, табиғи қоныс аудару және көшіп

конуы, халықтың ұлттық, әлеуметтік құрамы, туымен өлімі, халық денсаулығы, білім деңгейі т.б. қарастырады. Автор осы зерттеулердің нәтижесінде оқу құралын шығарып, Қазақстан тарихының тарихнамасындағы күрделі бір саласы демографиялық зерттеуге еңбек сіңірді.

Орталық Қазақстанда Отандық тарихтың әртүрлі проблемаларын зерттеп жүрген маман тарихшылар көп, олардың да еңбектерінің тарихнамалық тұрғыдан талдап жазу, оқу құралының екінші томында беріледі.

Н.А.Бейсенбекова, З.Ғ.Сақтағанова, Л.К.Шотбакова және т.б. тарихшы-ғалымдарымен бірлескен «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Сарыарқаның ұлы азаматтары XX ғасырдың басы» деп аталатын монографиясы шықты [13]. Бұл ғылыми зерттеуде XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Сарыарқа жерінде Алаштың ұлы азаматтары, ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен Ә.Бөкейханов, Н.Нұрмақов, Ә.Ермеков сияқты тарихи тұлғалардың өмір жолы, саяси-қоғамдық қызметі және олардың шығармаларындағы қазақ ұлтының мүддесі: жер мәселесі, рухани азаттығы, тәуелсіздік жолындағы күрес проблемалар сипатталған. Бұл еңбекте бұрын ғылыми айналысқа түспеген кейбір құнды мәліметтер мен деректер берілген. Авторлардың пікірі бойынша тарихты жасайтын ұлы тұлғалар туралы еңбектер жазуда, олардың төл шығармаларын жан-жақты талдау басты ұстаным болу керек.

Н.А.Бейсенбекова және Р.М.Жұмашев Отандық тарихтағы өзекті проблемалардың бірі тарихнама мәселесін шешу жолында жазылған «Қазақстан тарихының тарихнамасы» деп аталатын очерктері [14]. Бұл еңбекте ұлттық тарихтың кезеңдерімен тарихнамасының әдіснамалық мәселелері, сондай-ақ далалық ауызша тарихнаманың ұлтымыздың тарихын оқып білудегі ролі көрсетіледі. Арнайы тарауларда антикалық және ежелгі Қытай тарихшыларының қазақ халқының тарихы туралы жазғандарынан бастап, хронологиялық негізде бүгінгі күндері жазылған Отандық тарихшыларының еңбектеріне талдау жасап, олардың ұлттық тарихтың тарихнамасының қалыптасуы мен дамуындағы алатын орнын зерттеп, еңбектеріне сипаттама береді.

Орталық Қазақстанның жас тарихшы-ғалымдарының бірі Қ.Г.Абдрахманованың «Повседневная жизнь городов Центрального Казахстана в 1945-1953 гг.» деген монографиясы 2010 жылы жарық көрді [15]. Бұл ғылыми еңбекте мұрағат құжаттарының негізінде Отандық тарихта бұрын зерттелмеген қалалардың күнделікі өмірі жан-жақты зерттелген. Монографияда проблеманың тарихнамасы деректері, толық сарапталынған және аталған жылдардағы қалалардың және халықтың жалпы сипаттамасы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мәдениеті жайлы ғылыми-зерттеудің жаңа әдістері бойынша берілген. Бұл еңбек Отандық тарихнамада жаңа проблеманы зерттеген құнды еңбек деп санаймыз.

Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалым тарихшылары ғылыми монографиялық еңбектермен қатар оқулықтар мен оқу құралдарын жазып,

тарих ғылымының теориялық және тұжырымдамалық проблемаларын зерттеп жас ұрпаққа тарих ғылымының әр түрлі салаларында көп еңбек сіңіріп келеді. Солардың бірі: Смагулова Г.М. және Тулеуова Б.Т. 2011 жылы «Дипломатия және консулдық қызмет» [16] деп аталатын оқу құралын жазып шығарды.

Халықаралық қатынастар тарихының құрамдас бөлігі дипломатия және консулдық қызмет болып табылатындықтан, бұл оқулық мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай жазылған. Бұл оқу құралында теориялық және тәжірибелік материалдар деректер мен әдебиеттер жан-жақты талданған. Сонымен қатар дипломатиялық және консулдық тарихы оның негізгі бағыттары туралы ғылыми зерттеулер мен монографияларды талдап жазған. Авторлар дипломатиялық қызмет мемлекеттік қызметтің құрамдас жағы болғандықтан оның тарихы мен қазіргі жағдайын, қазіргі кездегі дипломатияның ұйымдастырылуы, дипломатиялық қызметтің негізгі бағыттары мен түрлері және консулдық қызмет тарихы жайлы баяндай келе Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық қызметтерінің нормативтік құқықтық базасын жазып жоғарғы оқу орынында «халықаралық қатынастар», «саясаттану», «халықаралық құқық» мамандықтарының студенттеріне арналған бұл еңбектің танымдық маңызы өте жоғары.

Тарихшы ғалым Төлеуова Б.Т. «Адаптация казахского общества Центрального Казахстана к рыночным условиям во второй половине XIX - начале XX веков» [17]. Автор өзінің монографиясында дәстүрлі қазақ қоғамының XIX ғасырдың II жартысы XX ғасыр басындағы рыноктік қатнастарға бейімделу мәселесін талдайды. Ресей империясының отаршылдақ саясатының нәтижесінде қазақ қоғамы рыноктік қатнастардың даму жағдайында бірте-бірте әлеуметтік экономикалық қатнастарға бейімделе бастағанын талдайды. Бұл үрдіс рынокқа бағытталған мал, жер шаруашылығында және қазақтардың кәсіпкерлік істерінде көріне бастағаны нақты мысалдармен дәлелденеді. Монографияның құндылығы Қазақстан және Ресей федерациясының мұрағаттарынан алынған құжаттардың жан жақты сипатталуында. Бұл еңбекте дәстүрлі қазақ қоғамына әсер еткен сыртқы факторларды соның ішінде әкімшілік жер реформалары талданады. Жан-жақты талданып жазылған мәселелердің бірі: қазақ қоғамының экономикасындағы рыноктік жағдайға байланысты қалыптасқан тенденциялар және қазақ арасындағы кәсіпкерліктің даму барысы.

Орталық Қазақстан тарихшыларының арасында Б.А.Досованың 2012 жылы жарық көрген «Синергетика и историческое познание» [18] монографиясында, қазіргі тарихнамадағы тарихи танымның методологиялық негізі ретінде оның эволюциясы синергетикалық породигмалардың дүние танымдық орны әлеуметтік гуманитарлық зерттеулердегі оның теориялық практикалық мүмкіншілігі жан-жақты қаралған. Автордың пікірі бойынша ғылымның методологиялық дамуы тарихи танымның қазіргі кезеңдегі негіздерінің бірі синергетика әдісі болып саналады. Сонымен қатар тарих ғылымындағы формациялық және өркениеттік зерттеу әдістерінің

методологиялық негізі талданады. Біздің пікірімізше монографияның құндылығы синергетиканың негізгі ұғымдары, дүние танудың синергетикалық парадигмасы жайлы жазылған тарихнамаларды жан жақты талдауында.

Тарихшы-этнграф М.С.Жакиннің «Жаңа арқа ауданының топономикасы» және «Шет ауданының топономикасы» деп аталатын монографиялары өлкетану проблемасының тарихнамасына қосылған құнды еңбектердің бірі. Автор өзінің ғылыми жұмыстарында далалық ауызша тарихнаманы жан-жақты зерделеп, оны мұрағат құжаттарыменен салыстыра отырып, Сарыарқа жерін мекендеген, ру тайпалардың этникалық тарихын зерттеуде өзіндік ой-қорытып, осы мәселенің ұлттық ұстанымын, тұжырымын береді [19].

2013 жылы Қарағанды университетінің т.ғ.д. профессор Жұмашев Рымбек Мұратұлының басқаруымен «Тұлғатану ғылыми орталығында» Бұқар-Жырау ауданы әкімшілігінің қолдауымен, Бұқар жырау Қалқаманұлы өміріне арналған «Бірінші тілек тілеңіз» атты ғылыми еңбек жарық көрді [20]. Бұл еңбекте жырауға қатысты деректер, мәліметтер, далалық ауызша тарихнама негізінде абыз жырау туралы және оның мұраларын талдау арқылы жан жақты ақпарат беріледі, даланың дархан данасы, тарихи тұлға Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығы бүгінгі ұлттық тарихтағы мәңгі өлмейтін тағлым екендігін авторлар дұрыс көрсете білген.

Қорыта айтқанда, Орталық Қазақстан тарихшыларының соңғы кезде жарық көрген еңбектері Отандық тарихтың проблемаларына арналып, мол деректер негізінде жазылған және олар ұлттық тарихты оқып білуге көмектесе алатын, тарихнамалық маңызы бар методологиялық еңбектер деп толық айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмасұлтанов А.Ж.. «Рожденные в огненные годы. Исторический очерк». Караганда, 1978
2. Әбдакімұлы Ә.. «Қазақстан тарихы». Алматы, 2005
3. Қ.С. Өскембаев. “Ә. Ермаковтің қоғамдық – саяси және ағартушылық қызметі”.Қарағанды, 2003
4. Абдрахманова Б.. “История Казахстана: власть, система, управления, территориальное устройство в XIX веке”.Астана, 1998
5. Жұмашев Р.М. “Очерки истории культуры Казахстана”. Караганда, 2002
6. Шотбакова Л.Қ “Национальный аспект переселенческой политики и коренизации в Казахстане (в 1917-1941 гг.)”. Караганда, 2002
7. Шотбакова Л.К., Смагулов Н.К. «Кадровая политика боольшевиков в Казахтане в 1917-1936 гг. в освещении русской историографии». Караганда, 2002
8. Сақтағанова З.Ф.. “История осуществления Советского опыта экономической модернизации в Казахстане (1946-1970)”. Караганда, 2004

9. Абилов Қ. «История становления и развития предпринимательства в Казахстане (вторая половина XIX начало XX вв.)». Караганда, 2005
10. Шаймуханов Д.А., Шаймұханова С.Д. «Карлаг». Караганда, 1997
11. Жауымбаев С.У. «Горное дело и металлургия бронзового века». Караганда, 2001; «Қазақстан археологиясы». Қарағанды, 2004, «Алғашқы қауымдық құрылыс», Қарағанды, 2004. «По следам древних металлургов». Караганда, 2013
12. Козина В.В., Асылбеков М.Х. «Демографические процессы современного Казахстана», «Население Центрального Казахстана (40-е годы – конец XX века)». Алматы, 2000
13. Бейсенбекова Н.А., Сақтағанова З.Г., Шотбакова Л.К. «Сарыарқаның ұлы азаматтары XX ғасырдың басы». Қарағанды, 2008
14. Бейсенбекова Н.А., Жұмашев Р.М. «Қазақстан тарихының тарихнамасы», Қарағанды, 2009
15. Абдрахманова К.Г. «Повседневная жизнь городов Центрального Казахстана в 1945-1953 гг.». Караганда, 2010
16. Смагулова Г.М., Тулеуова Б.Т. «Дипломатия және консулдық қызмет». Қарағанды, 2011
17. Төлеуова Б.Т. «Адаптация казахского общества Центрального Казахстана к рыночным условиям во второй половине XIX - начале XX веков». Караганда, 2011
18. Досова Б.О. «Синергетика и историческое познание». Караганда, 2012
19. Жакин М.С. «Жаңа арқа ауданының топономикасы». Қарағанды, 2011. «Шет ауданының топономикасы». Қарағанды, 2013
20. Жұмашев Р.М., т.б. «Бірінші тілек тілеңіз». Қарағанды, 2013